

Бұлақ ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 21 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 8 тамызда № 3-7-113 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 19.01.2015 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 28.02.2017 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Бұлақ ауылдық округі халқының конференциясының 2011 жылғы 20 мамырдағы № 3 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Бұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бұлақ ауылдық округі әкімінің 28.02.2017 № 13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Әлия ауылына көше атаулары берілсін:

- 1) Жастар көшесі
- 2) Юрий Гагарин көшесі
- 3) Күләш Байсеитова көшесі
- 4) Әлия Молдағұлова көшесі
- 5) Қажығали Байғанин көшесі
- 6) Құрманғазы көшесі
- 7) Қаракөз Оразова көшесі
- 8) Жамбыл Жабаев көшесі
- 9) Қарақобда көшесі
- 10) 1 мамыр көшесі

2. Талдысай ауылына көше атауы берілсін:

- 1) Әлия Молдағұлова көшесі

2) Есет батыр көшесі

3. Бұлақ ауылына көше атауы берілсін:

1) Әлия Молдағұлова көшесі

4. Талдысай ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

1) Колхозная көшесі – Абат Байтақ көшесі,

2) Советская көшесі – Жаңажол көшесі

3) Абат Батыр көшесі – Жеңіс көшесі

5. Әлия ауылының келесі көшелерінің атауы өзгертілсін:

1) 40 лет Победы көшесі - Жеңіс көшесі

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Қ.Шакенов